

Қостанай қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 335 қаулысы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабы 1-тармағына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қостанай қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары Р.Х. Каркеновке жүктелсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Б. Жақыпов

Қостанай қаласы әкімдігінің
2016 жылғы 18 ақпандағы
№ 335 қаулысына
қосымша

Қостанай қаласы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 26 қарашадағы № 2395 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-1-158 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 11 қаңтардағы "Қостанай" газетінде жарияланған) қаулысы.

2. Қостанай қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 26 қаңтардағы № 175 "Әкімдіктің 2010 жылғы 26 қарашадағы № 2395 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-1-181 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 28 ақпандағы "Қостанай" газетінде жарияланған) қаулысы.

3. Қостанай қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 4 маусымдағы № 1206 "Әкімдіктің 2010 жылғы 26 қарашадағы № 2395 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-1-192 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 10 шілдедегі "Біздің Қостанай" газетінде жарияланған) қаулысы.

4. "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 18 маусымдағы № 1311 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-1-193 тіркелген, 2016 жылғы 31 шілдедегі "Біздің Қостанай" газетінде жарияланған) қаулысы.

5. "2016 жылы ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 3631 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6119 тіркелген, 2016 жылғы 11 ақпандағы "Біздің Қостанай" газетінде жарияланған) қаулысы.